

Алматы облысында 2021 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 114 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2021 жылы 26 наурызда № 5902 болып тіркелді

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы облысында 2021 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Тұрдалиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысы әкімінің міндетін уақытша атқарушы

Л. Турлашов

Алматы облысында 2021 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

теңге

№ P/ с	Тауар атауы	Өлшем бірлігі (тг/теңгекг / килограмм)	2021 жылдың 1 тоқсанына шекті бөлшек сауда бағалары	2021 жылдың 2 тоқсанына шекті бөлшек сауда бағалары	2021 жылдың 3 тоқсанына шекті бөлшек сауда бағалары	2021 жылдың 4 тоқсанына шекті бөлшек сауда бағалары
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	тг/кг	290	301	304	297
2	Бірінші сортты бидай ұны	тг/кг	174	175	175	180
3	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	тг/кг	374	379	377	398
4	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	тг/кг	147	151	147	151
5	Рожки (өлшеніп салынатын)	тг/кг	279	280	272	277
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	тг/кг	1993	2040	2014	2084
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	тг/кг	961	998	988	983
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	тг/литр	201	203	204	207
9	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	тг/литр	199	200	201	202
10	Сүзбе: майлылығы 5-9%	тг/кг	1287	1310	1317	1319
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	дана/тг	333	313	333	358
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	тг/кг	2855	2820	2781	2796
13	Күнбағыс майы	литр/тг	533	536	531	577
14	Ақ қауданды қырыққабат	тг/кг	100	88	66	91
15	Басты пияз	тг/кг	92	116	71	79
16	Асханалық сәбіз	тг/кг	131	145	120	111
17	Картоп	тг/кг	120	139	94	110
18	Ақ қант – құмшекер	тг/кг	231	240	228	231
19	Ас тұзы ("Экстра" -дан басқа)	тг/кг	55	55	55	55

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК